

**«Түпқараған гуманитарлық-кәсіптік колледжі» МКҚК**

Колледж әдістемелік кеңесінің  
отырысында талқыланды және бекітілді  
(хаттама «\_\_\_\_\_» 2024 ж.)

Колледж басшысы  
И.Е. Нурадинов



**ДУАЛДЫ ОҚЫТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ  
ПОЛОЖЕНИЕ  
О ПОРЯДКЕ ОРГАНИЗАЦИИ ДУАЛЬНОГО ОБУЧЕНИЯ**

**Баутино ауылы. 2024жыл.**

## **1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

1.1 «Н. Бекбосынов атындағы Маңғыстау энергетикалық колледжі» МКҚК (бұдан әрі - колледж) дуальді оқытуды ұйымдастыру тәртібі туралы осы ереже (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ Еңбек кодексіне және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 50 бұйрығымен бекітілген дуальді оқытуды ұйымдастыру қағидаларына сәйкес әзірленді.

1.2 Осы Ереже колледж түлектерінің кәсіби дағдыларының деңгейін арттыру, сондай-ақ әлеуметтік әріптестікті дамыту мақсатында әзірленді.

1.3 Осы Ереже колледжде және облыстың кәсіпорындарында (ұйымдарында) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын меңгеретін күндізгі оқу нысанындағы колледж білім алушылары үшін дуальді оқытуды ұйымдастыру тәртібін айқындайды (бұдан әрі - кәсіпорын).

1.4 Дуальді оқыту - кәсіпорынның, колледждің және білім алушының тең жауапкершілігі кезінде білім алушыларға жұмыс орындарын ұсына отырып және өтемақы төлей отырып, колледжде оқытуды кәсіпорындардағы міндетті оқыту және практика кезеңдерімен ұштастыратын кадрлар даярлау формасы.

1.5 Дуальді оқыту мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (бұдан әрі - МЖМБС) нормаларының орындалуын қамтамасыз ету шартымен кәсіпорындар мен колледж базасында оқытуды күндер (апталар, айлар) бойынша біріктіруді көздейді.

1.6 Дуальді оқытуды ұйымдастыруға колледж және кәсіпорын басшылары жауапты.

## **2. ДУАЛЬДІ ОҚЫТУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

2.1 Дуальді оқытудың мақсаты білім алушылардың МЖМБС, оқу жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес мамандық бойынша кәсіби құзыреттерді сапалы меңгеруі, сондай-ақ кадрларды даярлау деңгейін экономика салалары мен жұмыс берушілердің қажеттіліктеріне жақындату, оқытудың өндіріспен байланысын нығайту, қосымша қаржыландыру көздерін тарту болып табылады.

2.2 Дуальді оқытуды ұйымдастыру мен өткізудің негізгі міндеттері:

- жұмыс берушілердің талаптарына сәйкес мамандар даярлау;
- жұмыс берушілердің білім беру мазмұнын қалыптастыруға, оқыту процесіне және ТЖКБ ұйымдарын қолдауға қатысу;
- түлектерді жұмысқа орналастырудың жоғары пайызын қамтамасыз ету;
- түлектердің кәсіби білімдері мен кәсіби дағдыларының деңгейін арттыру;
- колледждің оқу-өндірістік қызметін кәсіпорындағы өндіріс жағдайларына үйлестіру және бейімдеу.

## **3. ДУАЛЬДІ ОҚЫТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ**

3.1 Дуальді оқытуды ұйымдастыру және өткізу регламенттеледі:

- осы Ережемен;
- колледж әзірлеген және кәсіпорындармен келісілген оқу-бағдарламалық құжаттармен;
- колледж, кәсіпорындар, білім алушылар арасындағы дуальді оқыту туралы шарттарымен;
- колледждің ішкі жергілікті актілерімен.

3.2 Оқу процесі колледж базасында және тиісті бейіндегі кәсіпорындардың өндірістік алаңдарында жүзеге асырылатын теориялық сабақтарды, өндірістік оқытуды және оқу жұмысының басқа да түрлерін қамтиды.

3.3 Дуальді оқыту өндірістік оқыту мен кәсіптік практиканың кемінде 60% - ын көздейді.

3.4 Өндірістік оқыту мен кәсіптік практикадан өту кезеңінде білім алушыларға кәсіпорынның еңбек тәртібінің ережелері қолданылады.

3.5 Өндірістік оқыту мен практикадан өту кезінде білім алушылар еңбек өтіліне есептелетін белгілі бір функционалдық міндеттерді орындайды.

3.6 Дуальді оқыту шеңберінде білім алушылар аралық аттестаттаудан өтіп, кейіннен қол жеткізген кәсіби біліктілік деңгейін береді және кәсіби даярлық туралы куәлік беріледі.

3.7 Білім алушыларды қорытынды аттестаттау кәсіпорындар базасын пайдалана отырып, толық оқу курсы аяқтағаннан кейін жүргізіледі, оның нәтижелері бойынша оларға біліктілік беріледі және техникалық және кәсіптік білім туралы диплом беріледі.

3.8 Дуальді оқытуды ұйымдастыру және өткізу үшін колледж:

- оқу үрдісіне қажетті жағдай жасайды;




- кәсіпорындармен оқу жұмыс жоспарын, оқу жұмыс бағдарламаларын, оқу процесінің кестесін әзірлейді және келіседі;
- кәсіпорындардың талаптарын ескере отырып, дуальді оқыту бағдарламасын іске асыруды қамтамасыз етеді;
- кәсіпорын базасында практикалық оқудан өтуін бақылауды жүзеге асырады;
- білім алушылардың білімін бағалауды жүзеге асырады және кәсіптік даярлық деңгейін бағалауға және біліктілікті беруге қатысады;
- дуальды оқыту туралы есепті уәкілетті органға ұсынады.

### 3.9 Дуальді оқытуды ұйымдастыру және өткізу үшін кәсіпорын:

- дуальді оқыту үшін жұмыс (оқушы) орындарының санын анықтайды;;
- дуальді оқытуды ұйымдастыру бойынша ұсыныстар енгізеді;
- оқу-бағдарламалық құжаттар мен оқу-әдістемелік кешендерді әзірлеуге қатысады;;
- оқу жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес өз базасында оқу процесін ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;
- білім алушыларды қажетті қорғаныс құралдарымен және мүкәммалмен қамтамасыз етеді;
- дуальді оқытудан өтудің санитарлық ережелерге, еңбекті қорғау, тіршілік қауіпсіздігі және өрт қауіпсіздігі талаптарына жауап беретін қауіпсіз жағдайлары қамтамасыз етіледі;;
- оқушыларға білікті мамандар ішінен тәлімгерді бекітеді;
- білім алушылардың білімін бағалауға қатысады;
- түлектерді жұмысқа орналастыруға ықпал етеді;
- дуальды оқыту туралы колледж есебін келіседі.

Дайындаған:

Басшының ОӨЖЖ орынбасары



А. С. Сұлтанғали